

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Құрылғы мақсаты

Желілік зарядтау құрылғысы мобильді құрылғыларды айнымалы ток желісінен зарядтауға арналған.

Сақтық шаралары

- Желілік зарядтау құрылғысын судан және басқа сұйықтықтардан, сондай-ақ жылу көздерінен алыс ұстаңыз.
- Зарядтағышты тазаламас бұрын оның желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Зарядтағышты бөлшектемеңіз, тастамаңыз немесе шайқамаңыз.
- Зақымдалған кәбілдері бар зарядтағышты пайдаланбаңыз.
- Пайдаланылмаған зарядтағышты электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғының құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбеңіз.
- Құрылғыны желіден ажыратқанда, оған қосылған кәбілді тартпаңыз.

Құрылғы схемасы



Пайдалану

- Кәбілді тиісті ЖЗҚ қосқышына қосыңыз. Кәбілдің екінші ұшын мобильді құрылғыға қосыңыз.
- Зарядтағышты желіге қосыңыз.
- Жұмыс кезінде құрылғы құрғақ жерде, қуатты жылу көздерінен, сондай-ақ сұйықтықтары бар ыдыстардан қашықтықта болуы керек.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: CW23A-1.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Құрылғының қуаты: 23 Вт.
- Кіріс қуат параметрлері: 100–240 В ~ 50–60 Гц.
- Мин. шығыс кернеуі: 5 В.
- Макс. шығыс тогы: 3 А.
- Шығыс қуат параметрлері:
 - USB-A1: 5 В = 1 А.
 - USB-A2: 5 В = 3 А; 9 В = 2 А; 12 В = 1,5 А.
- Қосқыштар: USB-A × 2.
- Электр ток соғудан қорғау класы: II.
- Ылғалдан қорғау дәрежесі: IP20.
- Жылдам зарядтау протоколдары: Quick Charge (2.0; 3.0), HUAWEI Fast Charge.

Жинақталым

- Құрылғы.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңдарға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және жою үшін электр және электронды жабдықтарды тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылады.
- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

Кепілдік туралы ақпарат

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 18 ай. Пайдалану мерзімі: 18 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

<https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Точжишэн Электроник Тэкнолоджи Ко., Лтд. 203 каб., 2 ғим., №11, Гаобу Чжэнсин солтүстік тас жолы, Гаобу, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-Т, Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнім сапасын жақсарту үшін сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.1

